

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области  
лингвистики и языкознания

**Подписной индекс – 76132**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QDUW2626>

### **С. Оспанов, К. Мырзағалиева**

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

## **А. ҚҰНАНБАЕВ – САЗ АСПАПТАРЫН ЖИНАУШЫ, ТҰҢҒЫШ МУЗЫКА СЫНШЫСЫ**

*Мақалада Абайдың қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарын алғаш жинаушылардың бірі екендігі, аспаптанушылығы, күй шығарғаны, әннің де, күйдің де алғашқы сыншысы әрі оларды бабына келтіріп орындаудың нұсқаушысы да болғаны айтылады. Сондай-ақ «ессіз,есер», «құлақты тесер» даңғаза, мәнсіз-мағынасыз, ойсыз әндерді сынауының себебі белгілі ғалымдар мен музыка зерттеушілерінің, білікті дәрігер-психологтардың, дін қайраткерлерінің ой-пікірлерімен дәйектеле отырып ашылады.*

*«Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңіндегі «ескі сыбыр» сөзінің мән-мазмұны фольклортанушы ғалым Б. Жүсіптің, ірі шығыстанушы арабист ғалым Андрей Бертельстің, қасиетті Құранды орыс тіліне аударған Валерия Порохова еңбектеріндегі ой-пікірлерге сүйеніліп жазылған.*

*Кілтті сөздер: музыка, саз, ән, күй, аспаптану, домбыра, рок, блюз, эстрада, қоңыр үн, жүрек, өлең, ескі сыбыр, Құран.*

### **Кіріспе**

А. Құнанбаев сан қырлы талант иесі.

Ұлы ақын мұрасы қазақ әдебиеті тарихында егжей-тегжейлі зерттелді десек те, әлі де қалың жұртшылыққа беймәлім тұстары бары байқалады.

Солардың бірі – қазақтың саз аспаптарын Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиұлы мен Шоқаннан кейінгі алғашқы жинаушы, аспаптанушылығы.

Абайдың ән жазғанын білгенмен, күйші-композитор болғанын, қандай күйлер шығарғанын, әндерінің бұрынғы әндерден ерекшелігін, оларды алғаш кімдер орындағанын, әннің де, күйдің де, сыншысы да өзі болғанын көпшілік біле бермейді.

Мақалада осы жайттар әңгіме болып, «Ессіз, есер», «құлақ тесер» әндерді сынауының қыр-сыры мен «ескі сыбыр» сөзінің мән-мазмұны ашылады.

**Зерттеудің нысаны:** Абайдың жалпы оқырманға онша таныс емес, белгісіз қыр-сыры.

**Зерттеудің пәні:** аспаптану, музыкатану, абайтану.

**Мақсаты:** Ұлы ақынның белгісіз қырларын ашу, ән жайында жазған өлендеріндегі кейбір сөздердің мән-мағынасын түсіндіру арқылы музыканың адам ағзасына әсер-күшін айту.

**Міндеттері:**

– Ақынның жыр өнері мен саз өнерін қатар, біртұтас игерудегі ролін, оны жетілдірудегі жетістіктерін анықтау, бай музыкалық мұрасының мәнін халыққа жеткізу;

– ән-күйімізді насихаттау.

**Зерттеудің әдістері мен нәтижесі**

Сипаттама, тарихи – салыстырмалы, салғастырмалы, әдіс-тәсілдер қолданылды.

Абай Құнанбайұлы – қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарын Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиұлы мен Шоқаннан кейінгі тұңғыш жинаушы, аспаптанушы.

1885 жылы Абайдың ауылына Харьков университетін бітірген, саяси тұтқын ретінде жер аударылған, мамандығы дәрігер Нифонт Долгополов келеді. Нифонт ауылдарды аралап елуден астам этнографиялық бұйымдар жинайды. Оған Абай да көмектесіп, сол 1885–1893 жылдар аралығында сирек кездесетін қазақ музыкалық аспаптарына да қол жеткізеді. Солардың бірі үш шекті домбыра сілку арқылы ойнатылатын әшекейлі асатаяқ қарапайым қияқты екі қылқобыз. Бұл аспаптар 1883 жылы ұйымдастырылған Семей өлкетану музейінде сақталып келіпті.

Үш ішекті, кейбірінің шанағының ішінде қосымша ішектері бар көне домбыра қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай, Шұбартау, Жаңа Семей, Аягөз аудандарында болыпты. «Абайдың баласы Ақылбай мен немересі Исраил үш ішекті домбыраны шебер тартқан екен. Исраилдың өзі де бірнеше күй шығарған, бірақ өкінішісі ол күйлері бізге жетпеді» [1, 113 б.].

Семей өлкетану музейіндегі тұтас ағаштан ойылып жасалған, бет қақпағы ағаш шегелермен бекітіліп, тарамыс перне байланған үш ішекті домбыра сол Исраил тартқан домбыра. «Екінші домбыраның шанағы бөлек-бөлек тактайдан құрастырылған. Жоғарғы және төменгі қақпақтары фанерден жасалған. Он екі пернесі бар» [1, 113 б.].

Үшінші домбыраны Абай мен Н. Долгополов Семей музейіне 1885 жылы сыйлапты. Бұл домбыра да тұтас ағаштан ойылып жасалған. Өйткені ол кезде қазіргідей шанағын қауыншақтардан құрап жасау мүлде болмаған.

Ал Абай мен Н. Долгополовтың Семей музейіне тапсырған, сондай-ақ басқа да музыкалық аспаптар поляк революционері ақын Густав Зеленскийдің

1910 жылы Омбыда жарық көрген «Қырғыз» атты дастанына иллюстрация ретінде пайдаланылыпты.

Абай тапсырған көне қылқобыздың екі үлгісі, үш ішекті домбыра, сыбызғы мен асагаяқ түрлері бұл күнде Санкт-Петербург, ТМД халықтарының этнографиялық музейлерінде сақтаулы.

Абай – талантты күйші-композитор, «құлақтан кіріп, бойды алар» әсем әуендердің авторы.

Өлең де, ән де, күйде де авторының өресіне талант қарымына байланысты екені баршаға мәлім.

Абайдың эстетикалық талғамы биік. Бұл – рух сыйы, ұлттың санасының заңғарлығы! Өйткені қазақ жаратылысынан-ақ эстет халық. Көркем табиғи сана адам бойына ата-баба қанымен беріліп, ана сүтімен сіңеді. Ұлы ақынның әкесі Құнанбай кесек мінезді, кесек сөйлейтін, ән-күйге де жақын, ақылман тұлға. Құнанбай қажының әуенге жақындығын Дулат жырау мен Байкөкше ақындарды ауылына шақырып, ән, өлең айтқызып, бір ай бойы қонақ етуінен-ақ аңғаруға болады. «Әке көрген оқ жонар» – әке ісі баласына мирас. Абай да Біржан салды, Әсетті әдейі алдырып, шәкірттеріне, жары Әйгерімге әнін тыңдатып, үйренулеріне жағдай жасаған.

Бұқар жырау:

Таудан аққан тас бұлақ

Тасыса құйар теңізге,

Қанша малы көп болса,

Бай қуанар егізге.

Жаманнан жақсы туса,

Жақсыдан жаман туса,

Тартпай қоймас негізге,

– деп әдемі айтқан [2, 91 б.].

Абайдың ғана емес, жалпы қазақ халқының әнші, күйші, әуенге іңкәрлігі бесік жырларынан бастау алып, тұсау кесер, үйлену тойы, қыз ұзату кезінде орындалатын дәстүрлі ән-күйлермен жалғасып, жоқтаумен тұйықталатынын көріп өстік.

Ұлы ақын әннің де, ойын-сауықтың да мәнді, ойлы болуын қалайды. Абайдың өзінен бұрынғы ақындар мен әнші, күйшілерден, сазгерлерден ерекшелігі де сонда, ән-күйінің ойлылығында, сөз, ой образдылығында, философиялық терең толғамдарында, әндерінде бұрынғы «ах-ау», «ха-ля-ля-ку, ли-ляй-лайлардың» болмауында.

Пушкиннің «Евгений Онегинін» аударып, оған ән шығарғанда да, А. А. Дельвинг пен М. М. Глинканың «Сұрғылт тұманы», А. Г. Рубинштейннің «Мен көрдім», М. Ю. Лермонтовтың «қараңғы түнде тау қалғыбын» аударып, ән

шығарғанда да қазаққа тән сабырлы да, байсалды, жүрекке жылы, жанға жайлы, айқайсыз М. Әуезов «Момын үн» деп атаған қоңыр әуеннен, ұлттық өрнектен алшақтаған жоқ. Әрі әуені мен өлең астасып, бөлінбес бір дүниеге айналған бұл әндер сазгер шығармашылығын, қазақ ән өнерін жаңа түрмен байыта түсті.

Дегенмен де ақынның жаңа үлгідегі әндерін алғаш скрипкашы Мұха, балалары Әбдірахман мен Ақылбай, жары Әйгерім, әнші Әлмағанбеттер орындағанымен, халыққа бірден танымал болып, тарап кеткен жоқ.

Адам аз мұны біліп ән саларлық,

Тыңдаушы да аз ол әннен баһра аларлық, –  
деп налитыны сондықтан.

Бұл жаңа әнді жұрттың жатсынып, тосырқауынан да, «көңілсіз құлақтың ойға олақтығынан» да, әрі сол замандағы адамдардың көбінің музыка тілін жете түсіне бермеуінен де болуы мүмкін. Абай осы ойларымыздың соңғысына табан тіреген сияқты. Қазір де домбыра тартып, күй шерту, ән салу сиреп барады. Тойларда домбыра тартылмайтын болды. Күй шертсең «қосып жібер» (ән сал дегендері) дейді. Күй мен әнді айыра алмайтындар көбейді.

Абай әнді, күйді орындаушыларға да сын көзімен қарап баға бере білген. Бұл жайында Ахмет Жұбанов: «Жақсы шығарылған ән-күй жаман орындаушының қолына түскенде «ауыздан шыққанда өңі қашатын көңілдегі көрікті ойдың кебін киетінін де Абай білді, – деп жазады. – Шығарушылық пен орындаушылықтың екі түрлі қабілет екенін де ол жақсы түсінеді. Сондықтан Абай алғашында өз әндерінің шығарушысы да, оларды бабына келтіріп орындаудың нұсқаушысы да, ән күйдің әншіліктің сыншысы да өзі болды» [3, 154 б.].

Құр айқай бақырған

Құлаққа ән бе екен?

– дейді Абай.

Қазіргі кейбір келеңсіз эстрадалық әндер, рок және блюз жайында айтып отырғандай. Олардың көбісі «Құлақтан кіріп, бойды алар жақсы ән мен тәтті күйден» мүлде аулақ, көңіл қуантпайтын, жүрек жылытпайтын, «есер, ессіз», «құлақ тесер» дүниелер.

Мұндай даңғазә әуендердің кісінің мінез-құлқына кері әсер ететінін бұл күнде музыка зерттеушілері де, ғалым-психологтар да, медицина қызметкерлері де талай айтып ескертуде.

Құдайберген Бағашар Америка ғалымы Дэвид Элкиннің қатты шыққан дауыс арқылы белокты қуырып жіберуге болатынын дәлелдегенін айтады. Бір концертте дауысзорайтқыштың алдына қойылған жұмыртқа үш сағаттан кейін қатты даң-дұннан қуырылып кетіпті. Мұндай үн өсімдіктің өсуін де тежеп, тіпті олардың солып қалуына да себеп болады екен. Рок тыңдатылған балық өліп, су бетіне қалқып шығатынын да осы мақаладан оқып білдік [4, 9–13 б.].

Гуантанама базасындағы Америка түрмелерінде «Металлика» тобының шығармалары тұтқындарды жазалау үшін пайдаланған.

Абай поэзиясында ән – «ақылдың тілі», «жылы жүрек», «ойлы», «көңілдің көлеңкесі».

Жақсы әнді тындасаң ой көзімен,

Өмір сәуле көрсетер судай тұнық,

– деп музыканың адам ағзасына – жан-жүрегіне әсер ететінін де осыдан екі ғасыр бұрын айтып кеткен.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Оның тәтті оранған мәні оятар.

Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,

Жас балаша көңілді жақсы уатар.

Ұлы ойшылдың бұл ойларының бәрі қазір ғылыми дәлелденген. Маман, ғалым дәрігерлер музыканы ағзаның гармонды дамуына қолдануға болатынын тәжірибе жүргізу арқылы анықтағандарын былайша баян етеді:

«Науқастарға баяу музыка тындатылғанда, қандағы кортизол құрамы азайған, үрей сейілген. Музыкалық терапия жасалмаған келесі бір бақылау тобында керісінше жағдай байқалған. Бұндай тәжірибе операция алдында жасалған. Екі топқа де ертесі күні операцияға түсетіндіктері ескертілген. Ескертпеден кейін тәжірибе тобындағылар бір сағаттай уақыт музыка тындағанда, қандарындағы кортизол деңгейі 50 пайызға көтерілген. Бір сағаттан кейін бақылау тобындағы көрсеткіш өте жоғарғы деңгейде қалып қойған, ал музыка тындаған кісілердің қандарындағы кортизол көрсеткіші нормаға дейін түскен. Бұл музыканың стрессті басатындығын әрі оны науқастарды емдеуде қолдануға болатындығын көрсетуде» [4, 9–10 б.].

Композитор Абай «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңінде ән орындалғанда адам баласының «құлағы ескі сыбырды есіткендей» болатынын айтса, «Көңіл құсы құйкылжыр шартарапқа» өлеңінде «Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда» (әнде – С. О.), – дейді. Бұл жолдар тұңғыық ойға бастап, бізге белгісіз бір тылсым күштің барын меңзегендей болады.

Классикалық музыканың төрт мың жылдық тарихы бар үндістандықтар саз өнерін «тәңірінің күбірі» деп атайды.

Фольклортанушы ғалым Б. Жүсіп – Шығыста дәуірлеген музыкалық-эстетикалық теорияларға сәйкес олар музыканы тәңірлік рух деп сенгендіктен, саз бен сөзді ажырағысыз бір дүние деп санағанын айтады [5].

Өнертану ғылымының докторы Әсия Мұхамбетова «Қазақтың дәстүрлі музыкасы – Орталық Азия аймағы музыкалық ажырамас бөлігі, оның тындарманы әрі бағалаушысы бұл әлемге еркін енген, әрі еніп те жүр», – деп генетикалық тұрғыдан бұл түркі-маңғол көшпенділері әлемі екенін ескертеді. – «Алайда тарихи жолында мұсылман дінінің ықпалына түскен қазақтар ислам әлемінің музыкасынан көп әсер алды, соның нәтижесінде Орталық

Азия, Солтүстік Үндістанның ислам дінін қабылдаған халықтарының музыкасы түсінікті болып келеді» [6,77 б.]. – дейді автор.

Имам В. Порохова «Құран ақ өлеңмен түсірілген адамзат тарихындағы ең шабытты да поэтикалық кітап» [8], – дейді.

Имам Валерия Порохованың құранның түп нұсқасынан орыс тіліне аударған кітабын канондық үлгі деп танып, ірі шығыстанушы, арабист Андрей Бертельст: «Порохова – первая переводчица, которая передала небесную музыку стихосложения Корана» [8], – деген баға береді.

«Құдірет» сөзі бір Алла мен Құранға ғана лайық дегенімізбен, ән мен күйге, сөзге де құдірет деп қарайтынымыз бар. Құран сүрелері, азан шақыру әуенмен, мақаммен оқылады. Сондықтан да оларды да құдірет деп тануымыз артық емес екен.

Абай «Туғанда дүние есігін ашады өлең» дегенде, өлең деп әнді айтып отыр. Яғни, саз бен сөздің ара-жігі ажырамас бірлігін білген. Осы жайттарды негізге ала отырып ұлы ақынның «ескі сыбыры» – сөз, ән, күй («Ескі ойға көңілім толады»), әрі өткен күндері, сол өткен күндеріндегі өкініш-өксігі деген қорытынды шығаруға болатын сияқты.

Абай осы «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңін М. Ю. Лермонтовтың «Звуки» атты шығармасының сарынымен жазғаны белгілі. Орысша мәтінінің біразы жолма-жол аударылған. Алайда, онда «ескі сыбыр» да, оған ұқсас синоним сөздер де жоқ. Бұл да жоғарыда айтқан ойларымыздың дұрыстығын растай түседі.

Саз бен Сөз – егіз.

Ұлы Абайдың батыс, әсіресе шығыс ақындарының өлең-жырларын оқып, олардан бойына нәр алғанын, поэмаларына негізінен шығыс сарындары мен сюжеттерін арқау еткенін білеміз.

«Сыбыр» мен «Күбір» бір мағынаны білдіретін синоним сөздер. Соған қарағанда, ұлы ақын үндінің саз өнерін «Тәңірінің күбірі» деп атағанын білгенге ұқсайды.

Абай бір өлеңінде:

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,

Ынтамызды бұзбастық иманымыз,

– десе, қара сөзінде:

«Құдайшылық сонда–қалпынды (қалып, арабша калб-жүрек дегенді білдіреді – С. О.) таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – дейді.

Ол енді бірде:

Ақылдының сөзінде ойлы күйді

Тыңдағанда көңілдің әсері бар,

– десе, енді бірде:



Жүрек тербеп, оятар баста миды,  
– дейді.

Хазірет Али: «Тәннің шаршайтыны тәрізді жүрек те шаршайды. Сондықтан оны қызық хикметтермен дем алдырыңдар», «Жүректеріңді анда-санда дем алдырып тұрыңдар! Себебі, жүрек зорықса, тас соқырға айналады» [8, 229 б.] – дейді.

Бұл мысалдар Абайдың қашанда Құран сөзіне, пайғамбарымыздың хадистеріне жүгінгендігін растайды.

Поэзия шыңына өрлеген Абай музыка биігіне де көтеріліп, халқына өшпес мұра қалдырды.

1954 жылы Қазақ ССР ғылым баспасынан жарық көрген «Абайдың музыкалық творчествосы» деген кітапта ақынның А. Э. Бимбоэс, А. Қ. Жұбанов, В. Г. Брусиловский, Б. Г. Ерзакович нотаға түсірген 20 әні енгізілген.

Абай әндері 1989 жылы тұңғыш рет Алматының «Өнер» баспасынан жеке жинақ болып басылып шықты.

Абайдың «Май түні», «Майда қоңыр», «Торы жорға», «Абайдың желдірмесі» т.б. күйлері де бар.

ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ҒЗИ аға ғылыми қызметкері өнертану PhD докторы Ардаби Мәулетұлы Қытайдағы қандастарымыздың ұлы ақынның «Абайдың ақтолқыны» деген күйін ертеден тартып жүргенін, бұл күйді 1950 жылдары Қазақстаннан барған зерттеушілер жазып алғанын айтып, осы күйдің және Қуанышбай Тергеусізұлының орындауындағы «Майда қоңыр» күйінің нотасын «Егемен Қазақстан» газетінде жариялады [10].

### **Қорытынды**

Абай әндері мен күйлері-аса құнды халық қазынасы.

Абай жинаған қазақтың көне саз аспаптары қазір Мәскеу, Санкт-Петербургте, ТМД халықтарының этнографиялық музейлерінде тұр.

Композиторлар А. Жұбанов пен Л. Хамиди «Абай» операсын жазып, ол 1944 жылы Қазақтың опера және балет-театрында қойылды. 1956 жылы бұл опера қайта жазылды. Операға Абайдың «Мен көрдім ұзын қайын құлағанын» (1 акт, 2 көрініс), «Айттым сәлем қалам қас» (3 акт), «Сегіз аяқ» (4 акт) әндері де қолданылды. Абайдың музыкалық шығармалары да мәңгілік.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

- 1 **Сарыбаев, Б.** Қазақтың музыкалық аспаптары, «Өнер», 1981.
- 2 **Сарыбаев, Б.** Қазақтың музыкалық аспаптары – Нұр-Сұлтан, 2019.
- 3 Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. I т. Алматы : «Жазушы», 1989.
- 4 Абай тағылымы. – Алматы : «Жазушы», 1986.

- 5 «Аңсар» журналы № 10, 2007.
- 6 **Естен, Ш.** Саз әуендеріндегі сансыз қызықтар // Айқын 14.03. 2013.
- 7 **Берік, Ж.** Қазақстандағы этностардың музыкалық мұрасы // Қазақ әдебиеті 22 қаңтар 2016.
- 8 Ақиқат № 5. – 2007.
- 9 Егемен Қазақстан 24 қараша 2010.
- 10 **Мұхаммед Абдур-Рахман әл-Марғашли,** әл-Ғина уәл-мәғазиф ислам, «Дәрул-мағрифат» баспасы, Бейрут, 2006. – 229 б.
- 11 Егемен Қазақстан 20 мамыр 2020.

### References

- 1 **Sarybaev, B.** Qazaqtyn' muzykalyq aspaptary. [Sarybaev B. Kazakh musical instruments]. – «art», 1981.
- 2 **Sarybaev, B.** Qazaqtyn' muzykalyq aspaptary. [Sarybaev B. Kazakh musical instruments]. – Nur-Sultan, 2019.
- 3 *Bes ғасыр jyrlaidy.* [Sings five centuries. In two volumes]. T. I. Alma-Atinskaya : «writer», 1989.
- 4 *Abai taғыlymy.* [lessons of Abai]. – Almaty : «Writer», 1986.
- 5 «Añsar» jýrnaly. [Magazine «Ansar»]. – № 10, 2007.
- 6 **Esten, Sh.** Saz áyenderindegi sansyz qyzyqtar. [Esten sh. incalculable fun in musical melodies]. – Aikyn 14.03. 2013.
- 7 **Berik, J.** Qazaqstandaғы etnostardyn' muzykalyq murasy. [Berik Zh. musical heritage of ethnic groups of Kazakhstan] // Kazakh literature January 22, 2016.
- 8 *Aqiqat.* [Pravda]. – No. 5. – 2007.
- 9 *Egemen Qazaqstan.* [Sovereign Kazakhstan]. – November 24, 2010.
- 10 **Muhammed Abdúr-Rahman ál-Margashli,** ál-Ġina ýal-máğazıf islam. [Mohammed Abdur-Rahman al-Margashli, al-Gina WAL-maghrif Islam]. – Darul Maghrifa publishing house, Beirut, 2006. – 229 p.
- 11 *Egemen Qazaqstan.* [Sovereign Kazakhstan]. – may 20, 2020.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

*С. Оспанов, К. Мырзағалиева*

**А. Кунанбаев-коллекционер музыкальных инструментов, первый музыкальный критик**

Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынова,  
Республика Казахстан, г. Костанай.  
Материал поступил в редакцию 10.12.20.

S. *Osmanov*, K. *Myrzagalieva*

**A. Kunanbayev – collector of musical instruments, first music critic**

Kostanay Regional University named after Akhmet Baitursynov,  
Republic of Kazakhstan, Kostanay.  
Material received on 10.12.20.

*В статье говорится, что Абай был одним из первых сборщиков казахских традиционных музыкальных инструментов, инструменталистов, кюев, был первым критиком и инструктором по исполнению песен и кюев. А также, «Сумасшедший, Есер», «Ушастый тесер», бессмысленно-бессмысленные, бездумные песнопения раскрываются в сочетании с рассуждениями известных ученых и музыкальных исследователей, квалифицированных врачей-психологов, религиозных деятелей.*

*Значение слова «старый шепот» в стихотворении «от уха до уха» основано на размышлениях ученого-фольклориста Б. Иосифа, крупного ученого-востоковеда арабиста Андрея Бертельса, переведившего Священный Коран на русский язык Валерии Пороховой.*

*Ключевые слова: музыка, музыка, песня, кюй, инструментарий, домбра, рок, блюз, эстрада, коричневый тон, сердце, стихи, старый шепот, Коран.*

*The article says that Abay was one of the first collectors of Kazakh traditional musical instruments, instrumentalists, kuys, was the first critic and instructor in the performance of songs and kuys. As well as «Crazy, Yeser», «Eared Teser», meaningless, mindless chants are revealed in combination with the arguments of famous scientists and music researchers, qualified doctors, psychologists, religious figures.*

*The meaning of the word «old whisper» in the poem «from ear to ear» is based on the thoughts of the folklore scholar B. Joseph, a major scholar of Oriental studies, arabist Andrey Bertels, who translated the Holy Koran into Russian by Valeria Porokhova.*

*Keywords: music, music, song, kui, instrumentation, dombra, rock, Blues, pop, brown tone, heart, poems, old whisper, Qoran.*

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz